ISSN 2788-7979 (online)
17 Umiyati, M. (2020), “A Literature Review of Forensic Linguistics”, International Journal of Forensic Linguistics, Vol. 1, No. 1, pp. 23–29.

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

МҒТАР 81’11 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp81-93

Н.Н. Конкаева[1], Н.К.Смагулова[1]
[1]Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ КОГНИТИВТІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАНУЫ

Бұл мақалада шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілердің лингвомәдени концепт теориясына қатысты еңбектеріне тоқталып, мәдени концепт ұғымын қарастырудағы ғылыми көзқарастары мен пікірлеріне салыстырмалы талдау жасалады. Қазақ тіл ғылымындағы лингвомәдени концептілердің теориялық негіздері мен репрезентациясы когнитивтік және лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – «намыс» мәдени концептісінің ұлттық дүниетанымдағы алатын орнын және құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін анықтау. Сондай-ақ оны «қамшы», «тары», «қазақ әйелі», «ар» лингвомәдени концептілерімен салыстыра талдап, сол арқылы аталған концептілердің қазақ дүниетанымындағы, құндылықтар жүйесіндегі рөлін анықтау.

Зерттеуде эмпирикалық дереккөздер ретінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігі және әдеби тіл сөздіктер, Қазақ тілінің ұлттық корпусы материалдары қолданылды. «Намыс» лингвомәдени концептісінің ядролық аймағы, шеткері аймағы мен ассоциативті өрістері анықталды.

Кілт сөздер. Лингвомәдени концепт, намыс концептісі, құндылықтар, мәдени код, тілдік сана, ядро, периферия, ассоциативті өрістер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінде тіл ғылымында лингвомәдениеттанымдық зерттеулер дамып, қазақ тіліндегі мәдени, рухани ұғымдардың этимологиясы, түп-тамыры, семантикалық астарлы мағыналары кешенді қарастырылып келеді. Атап айтқанда, мәдени концептілерді зерттеу мәселесі белең алып, маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Лингвомәдени концептілер халықтың тіл мен мәдениет арасындағы байланысын, ұлттың дүниетанымы мен аксиологиялық жүйесін, халықтың өркениеттік (тарихи-мәдени) тәжірибесінің лингвистикалық репрезентациясын талдауда негіз ретінде алынады. Ғалымдардың пікірінше, концепт тілдің мағыналық құрылымында ғана емес, сол ұлттың менталитетінде, тарихында, мәдени мұрасында, халықтық тәжірибесінде айқындалады. Осыған орай ұлттық мәдени концептілерді іріктеу, талдау, олардың функционалды құрылымын қарастыру, лингвистикалық дереккөздер арқылы репрезентациялану әдістерін зерттеу маңыздылығы жоғары мәселеге айналды.

Осы мәселе жөнінде отандық және шетелдік тіл ғылымында зерттеуші-ғалымдардың еңбектері бар. Мысалы, В.Гумбольдт, Д.С.Лихачев, В.А. Маслова, А.Вежбицкая т.т. ғалымдар тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастықты ұлттық концептосфераның қалыптасуы мәселелерін зерттеушілік бағытта қарастырса, отандық ғалымдарымыз Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Б.И.Нұрдәулетова, Э.Оразалиева, А.Әмірбекова т.т. ғалымдар ұлттық мәдени концептілерді тілдік тұрғыдан талдауға назар аударды.

ISSN 2788-7979 (online)

КІРІСПЕ

Лингвомәдени концептілер белгілі бір этносқа тән мәдени құндылықтарды репрезентациялайды. Мысалы, тіліміздегі *шаңырақ, тары, босаға, ар, тектілік, жусан, дала, қамшы, қазақ* концептілері арқылы біз халқымыздың құндылықтық жүйесінен, қоғамдық нормаларынан, этикалық қағидаларынан, рухани дүниесінен хабар аламыз. Аталған ұлттық мәдени концептілерді зерттеу арқылы қазақ халқының ұлттық болмысын, мәдени кодын айқындауды, тіл мен мәдениет байланысын анықтауды, қазіргі уақыттағы аксиологиялық жүйені қайта қарастыруға мүмкін болатындығымен өзекті. Ұлттық мәдени концептілер – бұл көпқырлы менталды, мәдени мәндер. Олар тұлғаның манталды әлемі, мәдениет пен тарих арасындағы байланыс функциясын атқарады. Лингвомәдениеттану ғылымында концептілер тілдегі мәдениеттің көріністерін бейнелейтін құрал ретінде қарастырлады [1,94]. Жеке және мәдени тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан концептілер халықтың рухани-мәдени мұрасына айналады, олар тікелей ұлттық бірегейлікті және әлемнің тілдік бейнесін сипаттайды [2, 608].

Әртүрлі этностарға ортақ болып есептелінетін әмбебап концептілер бар, мысалы, «достық», «махаббат», «уақыт», «сезім», «бақыт», «табиғат». Ал белгілі бір этносқа ғана тән, сол этностың дүниетанымын бейнелейтін де концептілер бар, оған «тары», «қамшы», «қазақ әйелі», «келін», «шаңырақ», «қазақ», «босаға» және т.т. концептілерді жатқызамыз. Бұл концептілердің барлығы халықтың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, аялық білім негізінде әлемнің тілдік бейнесін жасайды.

Осы тұрғыдан келгенде, мәдени концептілерге ғылыми талдау жасау арқылы халқымыздың болмысын және дүниетанымын, құндылықтар жүйесін түсінуде маңызы зор. Қазақ тіл білімінде осындай мәдени концептілерді жан-жақты зерттеген Н.Уәлидің «Қамшы» концептісі [3], Ж.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы» [4], М.Т. Күштаеваның «Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша) монографиясы [5], А.Байғұтованың «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» [6], Н.Айтованың «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» [7], Ж.М.Уматованың «Эпикалық топонимдердің лингвомәдени кодты жеткізуші құрал ретінде» [8], А.Исламның «Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті» [9], Ж.О.Мазибаеваның «Т.Ахметжан шығармаларындағы Ар концептісінің репрезентациясы» [10] зерттеу еңбектерінде тіліміздегі ұғым атауларын лингвомәдени сипатта кешенді қарастырған.

Ал біздің зерттеу мақсатымыз – аталған лингвомәдени концептілерді зерттеуге арналған еңбектерге шолу жасап, отандық зерттеулерді жүйелеу, олардың теориялық, әдіснамалық қағидаларын қарастыру; әр концетінің лингво-мәдени қырын анықтауға бағытталған ғылыми зерттеу әдістерін жіктеп, ментальдік-құрылымдық артықшылықтарын айқындау. Сонымен қатар қазақ тіліндегі «намыс» лингвоконцептісінің ұлттық тілдік санадағы орны мен құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа жетуде «намыс» концептісінің мән-мағыналық жағын анықтау үшін сөздіктер мен Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы тілдік деректер пайдаланылады, «намыс» концептісінің ядро, перифериясын, ассоциативті өрістерін анықтай отырып, тіліміздегі «қамшы», «тары», «қазақ әйелі», «ар» сияқты лингвомәдени концептілермен салыстырылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазіргі таңда ғылымда антропоөзектілік парадигманың дамуымен байланысты, тілді иесімен, яғни адаммен қоса зерттеуге ден қойылды. Тілді адамның санасы, танымы, қабылдауы, мәдениеті, рухани тәжірибесімен бірлікте қарастыру қажеттілігін күшейтті. Осыған орай мәдени концептілер тұлғаның дүниетанымын, болмысын, құндылықтық жүйесін бейнелейтін, тіл арқылы репрезентацияланатын маңызды құрылым болып есептелінеді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, мәдени концептілерді тек семантикалық тұрғыдан ғана емес,

ISSN 2788-7979 (online)

когнитивтік (танымдық), лингвомәдени, этнолингвистикалық аспектіде, тіл білімінің жаңа салаларымен кешенді (интеграциялық) түрде зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу еңбектеріне шолу жасау барысында ғалымдардың мәдени концептілерге қатысты айтылған пікірлері, көзқарастары және концептілердің құрылымын талдаудағы әдістері талданады. Сол себепті, зерттеу жұмысында салыстыру, когнитивтік, лингвомәдени талдау әдіс-тәсілдері қолданылады. Мәселен, салыстыру әдісі бойынша мәдени концептіге байланысты ғалымдардың ой-тұжырымдары салыстырылса, когнитивтік талдау әдісі арқылы «намыс» концептісінің ядро-перифериялық аймақтары, ассоциативті өрістері анықталады. Лингвомәдени талдау әдісі бойынша концептілер халықтың мәдени коды ретінде танылып, тіліміздегі паремиологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени мазмұнын жеткізетін құрал екендігі айқындалады.

НӘТИЖЕЛЕР

Әр ұлтты басқа ұлттан айрықша етіп тұратын, белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән ерекшелігін білдіретін мәдени-символдық, құндылықтық белгілері жинақталған құрылымдарды мәдени концептілер дейміз. Ұлттық мәдени концептілер – халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, құндылықтық жүйесін, дүниетанымын тілде сақтайтын көпқабатты когнитивтік құрылым. Олар тіліміздегі лексика-грамматикалық бірліктер сияқты емес, олардан анағұрлым күрделі, этностың болмысын танытатын мәдени код болып табылады. Сол себепті ұлттық мәдени концептілерді зерттеу, ең алдымен, тіл, мәдениет және сана арасындағы өзара бірікккен байланысты түсінуге мүмкіндік береді.

Орыс тіл білімінде В.А. Маслова концептілерді тіл мен мәдениеттің байланысын жеткізетін негізгі категория деп түсінеді. Ғалымның пікірінше, лингвомәдениеттану ғылымында әртүрлі бағыттар мен салалар болғанымен, олардың барлығынының басын біріктіруші негізгі ұғым – мәдени концепт. Мәдени концепт – әмбебап бірлік ретінде тілдік жүйе мен мәдениетті байланыстырады. Ғалымдар Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, В.В.Воробьевтің зерттеу еңбектерінде мәдени концептілер тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени белгілерін айқындайтын құрал деп таниды. Ғалымдар мәдени концептілерді лингвокультурема, лингвомәдени өріс категорияларымен байланыстырып, концептілердің мәдени мазмұнды жеткізудегі функциясын алдыңғы қатарға қояды. В.А.Маслова, В.Н.Телия, М.Л.Ковшова концептілерді мәдени коннотация тұрғысынан талдайды. Бұл жағдайда концепт тек семантикалық құрылым емес, тілдік бірліктің мәдени-бағалауыштық қабатын анықтайтын құрал ретінде түсіндіреді. Ал ғалым В.И.Карасик концептілерді мәдени-құндылықтық жүйеде талдай отырып, оның халықтық сана мен этностың ұлттық мінез-құлықтық ерекшелігін қалыптастырудағы рөліне баса назар аударады [11,13]. Ал отандық зерттеуші-ғалымдарымыздың арасында Ж.Манкеева әр ұлттың мәдениеті оның тілі арқылы сақталған «ішкі» мазмұнында дей келе, тілдің негізгі қызметі мәдениетті таңбалау деп көрсетеді. Сондықтан мәдениет мазмұнын ашуға қатысты қызмет атқаратын тілдегі таңбалар жиынтығы мен таңбалық құралдарды этнотаңбалар немесе этномаркерлі лексика деп атайды [4, 525-526]. М.Т.Куштаева этнос пен табиғи орта қатынасында жасалынған дәстүрлі мәдениетке сол этностың еңбегі мен ақыл-ойы сіңірледі. Сондықтан да дүниеге келген мәдени үлгілер этностың өзінің «әлеуметтік жаны» болып қызмет атқарады, – деп, мәдени концептілердің тарихи-мәдени жадты сақтаушы функциясын айқындайды [5,7]. Ғалым А.Ислам концептілердің ұғымнан күрделі екенін тұжырымдай келе, концептілердің басты белгісі – мәдени реңкте болатындығын айтады. Сонымен қоса, ғалым концепті ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, этномәдени санада сақталатын терең әрі ықшам құрылым екенін көрсетеді [9,15]. Ал Г.В.Токарев концептілерлің табиғатын зерттей келе, оларды универсалды, мәдени және субмәдени қабаттардан тұратын көпқабатты құрылым деп тұжырымдайды. Сонымен қоса концептілер әрі жалпыадамзаттық, әрі әлеуметтік-топтық, әрі ұлттық-мәдени деңгейде қызмет ететіндігін атап көрсетеді [12]. Бұл пікірлер мен көзқарастарды салыстырмалы кесте түрінде көрсетсек.

ISSN 2788-7979 (online)

1-кесте. Мәдени концепт ұғымын түсіндірудегі ғылыми көзқарастар мен пікірлердің салыстырмалы жіктемесі.

Мазмұндық-мағыналық топ	Ғалымдар	Мағыналас (ортақ) көзқарастар	Айырмашылықтар
I.Коцептілер – тіл мен мәдениетті байланыстырушы.	В.А.Маслова Е.М.Верещагин В.Г.Костомаров В.В.Воробьев Ж.Манкеева М.Т. Куштаева	Ғалымдардың пікірінше, мәдени концептілер – тіл мен мәдениетті байланыстыратын күрделі категория, сондай-ақ, мәдениет тіл арқылы көрініс табады.	Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров концептілерді тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мазмұнды жеткізуші құрал ретінде таныса, В.В.Воробьев мәдени концептіні (лингвокультурема мен лингвомәдени өріс) ұғымдармен байланыста қарастырған. Ж.Манкеева мен М.Т.Куштаева тіл мәдениетті таңбалайды деп тұжырымдайды.
II.Аксиологиялық (құндылықтық) мазмұнға сүйенетін көзқарас	В.Н.Телия М.Л.Ковшова В.А.Маслова В.И.Карасик	Концепт ұлттық менталитетпен тығыз байланысты, ол ұлттық құндылықтар мен бағалауыштық мағыналарды жинақтайды.	В.Н.Телия, М.Л.Ковшов концептіні қарастыруда мәдени коннотацияға ерекше назар аударады, В.И.Карасик концептіні мәдени-құндылықтық жүйе ретінде қарастырады.
III.Когнитивтік-құрылымдық көзқарас	Г.В.Токарев	Концепт – көпқабатты, ментальді құрылым.	Ғалым концепт құрылымына назар аударып, қабаттарға бөледі.
IV.Ұлттық дүниетанымға сүйенетін көзқарас	А.Ислам	Мәдени реңкте болып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлттық дүниетанымның негізгі арқауы.	Ғалым концептіні этномәдени санада сақталатын дүниетанымның өзегі деп түсінеді.

Жоғарыдағы салыстыруларды негізге ала отырып, мәдени концептілер жөнінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, мәдени концептілер – көпқабатты, күрделі когнитивтік категория;

Екіншіден, мәдени концептілер тіл мен ұлттық мәдениетті байланыстырады;

Үшіншіден, мәдени концептілер ұлттың тарихи-мәдени тәжірибесін, аксиологиялық жүйесін жинақтайтын мәдени код;

Төртіншіден, мәдени концептілер – ұлттық менталитет пен мәдени жадты сақтайтын құрал.

Қазақ тіл ғылымында мәдени концептілерді лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика салаларында әр қырынан қарастырып келеді. Бұл салаларда жүргізілген зерттеулер бойынша мәдени концептілер тек номинативті бірлік қана емес, мәдени-танымдық, құндылықтық мағынасы жоғары категория ретінде анықталады. Осыған орай отандық тіл ғылымындағы мәдени концептілерді зерттеуге бағытталған еңбектерге тоқталсақ.

Профессор Н.Уәлидің «Қамшы» концептісіне арналған еңбегі нақты заттық нысанның, яғни «қамшының» символдық, когнитивтік қызметін ашуға бағытталған. Бұл еңбекте қамшы

ISSN 2788-7979 (online)

– ұғымнан жоғары, халықтың тарихи жадын, тәртіп пен билікті, этикалық нормаларды жинақтаған күрделі мәдени концепт деп танылады. Мақалада қамшы тілдік единица ғана емес, тіл мен ұлттық мәдениет, тарих тоғысындағы мәдени код ретінде қарастыралады. «Қамшы» ұғымының құрылымдық мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені аталмыш ұғымның атауы болып табылатын бұл сөз, бір жағынан, тілдік таңбалар жүйесінің бірлігі болса, екінші жағынан, этномәдени жүйенің бірлігі болып табылады. Сөйтіп тілдік таңба мен мәдени таңбаның тоғысындағы бұл ұғымды алдымен тілдік жүйенің бірлігі ретінде тарихи және қазіргі кез тұрғысынан қарастыруға болады [3].

Бұл мақалада ғалым «қамшы» концептісін талдауда лингвомәдени, этимологиялық, когнитивтік талдау әдістерін қолданғанын байқадық. Ең алдымен, «қамшы» сөзін «қам» және «шы» сөз бен қосымшаға ажыратады. «Қам» түбірін орта ғасырдағы мифологиялық сипаттағы «бақсы», «шаман» мағынасымен байланысты деп тұжырымдайды. «Қамшы» сөзі шаман мағынасында жұмсалған деп топшылайды. Сонымен қатар «қамшы» концептісіне қатысты паремиологиялық тілдік бірліктерді кеңінен қарастырып, олардың этномәдени мазмұнын көрсетеді. Мысалы, «билік қамшысы», «қамшы тастау», «қамшы қазылық», «қамшы үйіру» тіркестерінде қамшы символдық мағынада жұмсалып, билік, тәртіп, үстемдік жасау, құқықтық реттеу мәнінде қолданылып тұрғанын ашып көрсетеді. Сондай-ақ «қамшы» концептісін когнитивтік тұрғыдан талдау барысында қамшының санадағы бейнесін «ойсурет», «ақиқат дүниенің үзігі», «стеореотипті ситуация» ұғымдары арқылы сипаттайды. Ғалым қамшымен жасалған іс-әрекеттерді, өлшемдерді танымдық құрылым деп көрсетеді. Мәселен, «қамшы салым жер», «қамшы бойы», «қамшы сілтеу», «қамшы тастау» сынды өлшемдер мен қимылдарды фреймдік ұйымдасу деп анықтайды.

Осы тұрғыдан келгенде, ғалым «қамшы» концептісіне байланысты этномәдени ақпаратты жинақтап, қамшыны қазақ дүниетанымында, тілдік санада әбден орныққан әлеуметтік құрылым мен рухани құндылықтарды танытатын күрделі мәдени концепт ретінде таниды.

Ал ғалым М.Т.Куштаева «Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны» атты монографиясында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық тәжірибесіне, дәстүрлі мәдениетіне қатысты «тары» концептісін зерттейді. Яғни «тары» концептісінің мәдени мазмұны мен семантикалық құрылымына терең талдау жасайды. Бұл зерттеу еңбегінде ғалым лингвомәдени талдауды басшылыққа алғанын байқаймыз. Себебі тары атауына қатысты тіліміздегі лексика-фразеологиялық бірліктерді, мақал-мәтелдерді, прецендентті мәтіндердегі қолданыстарына тоқталып, олардың этномәдени мазмұнын қарастырады. Тары халық үшін тіршілік көзі, азық-түлік, ас қана емес, ол молшылықтың, ырыс-берекенің, еңбектің нәтижесі деп символ ретінде қарастырады. Еңбекте когнитивтік талдау барысында «тары» концептісінің ядролық аймағына «астық», «тағам», «тіршілік көзі» мағыналарын, ал шеткері аймағына тұрмыс-салт, шаруашылық мәндегі ұғымдарды шоғырландырады. Ғалым: «Мәңгілік құндылықтардың бірі болып саналатын тіл – халықтың нәресте күнінен бүгінге дейінгі болмысының көрінісі. Тіліміздегі әр сөздің тасасында этностың тіршілік-тынысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ұғым-сенімі, дүниетанымынан бастап өткен дәуірлердің шежіресі жатыр – дей келе, тарыға қатысты атаулардың да қазақ өмірінің ұлттық нышандарымен үндесіп жатуының өзі дала өміріндегі ұқсас белгілерге тән ұғымның барлығында болар, – деген қорытындыға келеді [5,14,192]. Сонымен қатар аталған еңбекте «тары» концептісіне аксиологиялық талдау жасалынған. Тары этнолексемасының жағымды/жағымсыз мазмұндағы концептілер жасауға қатысы зерттелінеді. Тары – береке, бірліктің, сабыр мен төзімділіктің, адал еңбектің нәтижесі, нышаны ретінде танылады.

Ал А.Байғұтова ««Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» атты зерттеу еңбегінде «қазақ әйелі» концептісін халық дүниетанымын, құндылықтық жүйесін, тарихи-мәдени тәжірибесін қамтып, жинақтаған ұлттық мәдени концепті ретінде қарастырған. Бұл еңбекте «қазақ әйелі» концептісі гендерлік түсініктер арқылы танылады. Қазақ әйеліне қатысты айтылатын *ана, жар, қыз, келін, бәйбіше, тоқал, ене* атауларын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердегі көрінісін жинақтап, олардың мәдени мазмұнын ашады. Осы арқылы қазақ

ISSN 2788-7979 (online)

қоғамындағы әйелдердің бейнесінің көпқырлы сипатына тоқталады. Яғни, қазақ әйелі – шаңырақ ұйытқысы, өмірге ұрпақ әкеліп, әулет жалғастырушы, әдептілік пен байсалдылықтың иесі ретіндегі рөлін анықтайды. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар аз емес. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған «қазақ әйелі» концептісі арқылы дәлелдеудің мәні ерекше [6,3].


Бұл зерттеуде «қазақ әйелі» концептісін семасиологиялық, когнитивтік талдау әдістері арқылы талдайды. «Қазақ әйелі» концептісінің тілдік санадағы орны айқындалып, концептінің ядро және перифериялық аймағы анықталды. Ядролық өзегіне *ана, отбасы, ұрпақ, береке* сынды мағыналар шоғырланса, шеткері аймағын әйелдің әлеуметтік рөлдері, мінез-құлқына қатысты мағыналар құрайды. Аксиологиялық талдау негізінде әйелдердің образы сабыр, намыс, ар, ұят, мейірім секілді рухани құндылықтармен байланыста қаралады.

Ж.О.Мазибаеваның «Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің репрезентациясы» зерттеу мақаласында қаламгер Талаптан Ахметжанның философиялық бағытта жазылған туындыларындағы Ар концептісінің берілуіне талдау жасайды. Жазушының шығармаларындағы кейіпкер образы, психологиясы, әрекеті авторлық баяндау арқылы «Ар» концептісінің мән-мағынасын ашуға тырысады. «Ар» концептісіне когнитивтік тұрғыдан талдау жасалып, ядро-перифериялық аймақтары анықталады. «Ар» концептісін ең жоғарғы моральдік категория ретінде танып, ұят, намыс, ождан, жауапкершілік, әділеттілік ұғымдармен бірлікте қарастырады. Сондай-ақ, концептілерді жалпыадамзаттық және ұлттық деп жіктейді. «Ар» концептісін объективті және субъективті деп қарастырып, ұят, намыс ұғымдары – объективті, ар, ұждан – субъективті адами қасиеттер мен құндылықтар деп анықтайды [10,15].

Бұл зерттеуде қазақ мәдениетіндегі ең күрделі, әрі жоғары құндылықтық мағынасы бар концепті – «Ар» концептісі дегенді дәлелдейді. «Ар» концептісі тек моральдік ұғым емес, тілдік санада сақталған мәдени код ретінде танылады.

Жоғарыдағы мәдени концептілерге қатысты зерттеулерге жасалған шолуда ғалымдар мәдени концептілерді түрлі қырынан зерттегенін байқаймыз, дегенмен зерттеу әдістері лингвомәдени, когнитивтік, этнолингвистикалық, аксиологиялық аспектіде қарастыруы ортақ. Берілген зерттеулердің барлығында нақты мәдени концептілер тілдік дереккөздер арқылы репрезентацияланып, этностың дүниетанымы, тарихы, мәдениетімен тығыз қатынаста екендігі анықталды. Осыған орай, қазақ тіл біліміндегі ұлттық мәдени концептілерді талдаудың интегративті моделін ұсынамыз. Бұл модельде мәдени концептілердің құрылымдық ерекшелігі, қазіргі таңдағы зерттеу бағыттары мазмұндық-танымдық тұрғыдан берілген.

Қазақ тіл біліміндегі ұлттық мәдени концептілерді талдаудың интегративті моделі



Жоғарыдағы ғылыми көзқарастар мен пікірлерге сүйене отырып, жүргізілген салыстырмалы талдау негізінде мәдени концепті ұғымы жайында мынадай қорытынды жасаймыз:

Біріншіден, мәдени концепт – ядро, шеткері аймақтарды тұратын күрделі құрылым;

Екіншіден, мәдени концептілер – этностың дүниетанымы, тарихы, мәдениетін біріктіріп бойында сақтаушы категория;

Үшіншіден, мәдени концептілер – бағалауыштық мәнді, құндылықтық жүйені жинақтаушы мәдени код;

ТАЛҚЫЛАУ

Кез келген мәдени концепт белгілі бір халықтың салт-дәстүрі, күнделікті тұрмысы, мінез-құлық ерекшелігі мен рухани принциптері жайлы ақпарат береді. Алдыңғы бөлімде қарастырылған «қамшы» концептісі арқылы қазақ халқына тән көшпелі өмір салтына қатысты тәртіп пен билік, әлеуметтік нормаларды, «тары» концептісі арқылы адал еңбекке арқау болған тыныс-тіршілікті, молшылықты, «қазақ әйелі» концептісі арқылы отбасы мен ұрпақ арасындағы сабақтастықты, «ар» концептісі арқылы моральдік жауапкершілік пен абырой, жеке адами қасиеттер туралы мәліметтер аламыз. Аталған концептілер мәдени код ретінде танылып, тілдік деректерде сақталады.

Сондай концептілер қатарына кіретін, қазақ тілдік санада әбден орныққан концепті – *намыс*. «Намыс» концептісі – жеке адами қасиеттерді ғана емес, тұтас ұлттың, ел мен жердің абыройын айқындайтын күрделі, маңызды құндылық.

Лингвистикалық дереккөздерде «намыс» концептісі көбіне ұжымдық мағынада қолданылады. Мысалы, *ел намысы, жер намысы* сияқты тіркестерде жеке адамнан гөрі, тұтас қауымға қатысты айтылады. Сонымен қатар, «намыс» концептісі дәстүрлі мәдениетте әділдікпен, батырлықпен, ел-жер қорғаумен, уәдеге берік болумен ұштасады. Мәселен, *«намысы бар ел», «намысты қолдан бермеу», «намысы кернеді»* сынды тіркестерде намыс

ISSN 2788-7979 (online)

ұғымы ең жоғары рухани құндылық деп бағаланады. Бұл мысалдарда намыс бағалауыштық мәнге ие болып тұр.

Қазақ тіліндегі сөздік деректерге сүйенсек, «намыс» концептісі мынадай лексемалар арқылы беріледі: намысқой, намысқойлық, намыссыздық, намысты, намысшыл, намысшылдық.

Намыс – 1. Адамгершілік, ар, абырой. 2. Ұят, ождан.

Намысқой – ар-абырой, намысшыл.

Намысқойлық – намысшылдық, ар-абырой сақтағыштық.

Намыссыздық – намысы жоқтық, ынжықтық.

Намыстан – намыс қылу, арлану.

Намысты – намысы зор, намысқой.

Намысшыл – намысқой, намысы зор.

Намысшылдық – намысқойлық, арлылық [13, 612]. Бұл мысалдарда намыс жеке адамның рухани, жеке адами қасиеті мағынасында танылады.

Сондай-ақ, қазақ әдеби тілінің сөздігінде: Намыс – адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні; ар-абырой, ұлттың, жеке бастың абыройы, – деген анықтама беріледі. Намыс сөзіне қатысты төмендегідей фразеологизмдер келтіріледі:

- Елдік намыс – жеке бастан артық тұратын бүкіл бір халықтың, ұлттың ар-ождан үні, ар-абыройы.
- Намыс кернеді – қорланғаннан іші ызаға толы ызаланды, өш алуға бел буды.
- Намысқа тиді – ар-ұятына тиді.
- Намысқа тұрды – намысын ойлады, ар-ожданын, адамгершілігін жоғары қойды.
- Намысқа шыдамады – намысын жібермеді, есесін кетірмеді.
- Намысы қоздады (қозды) – намыс оты оянды, ыза қатты кернеді.
- Намыс қайда – намысын қайрап, ұялту үшін айтылатын сөз.
- Намыс қылды – кемітті, басынды деп тепсінді, қорланды, қайратына мінді.
- Намыс қысты – ұятты қорланды, арланып қорланды.
- Намыстан жарылып өлді – ар-ожданын, ұятын бәрінен де жоғары қоя білді, соның жолына жанын пида етті деген мағынада.
- Намысты жібермеді – ұятқа қалмады, атақ-абыройын сақтап қалды.
- Намысты аяққа бастырмады – намысын жібермеді, біреуге ешқашан есесі кетпеді.
- Намысын жыртты – жалған, көлгірсіген ниетпен біреудің сөзін сөйледі, іс-әрекетін қорғамақ болып көрінгісі келді.
- Намысы ояну – ар-ожданын, адамгершілігін биік, жоғары санайтын.
- Намысына тиді – кемітті, қорлады.
- Намыс туы – ар-ождан, жеке бастың абыройы.
- Ұлттық намыс – бүтіндей бір ұлттың адамгершілік, ар-ождан, ділі тұрғысынан жоғары бағаланатын, өз бет-бейнесін, бірегейлігін сақтап қалу жолындағы күресінен көрініс табатын жалпы ұлттық сананың көрініс ретіндегі этностың ең нәзік, ең жоғары сезімі [14,473-477]. Берілген тіркестерде намыс концептісінің семантикалық өрісі мен оның халықтық санадағы мәдени-танымдық мәртебесін айқындайды.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген Қазақ тілінің ұлттық корпусында «Намыс» концептісіне: «Адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнінін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні, ар-абырой, ұлттың, жеке бастың абыройы [15] – деген анықтама беріледі.

Қазақ тілінің ұлттық корпусында «намыс» концептісіне қатысты мынадай деректер табылды:

Негізгі корпустан 725 сөз;

ISSN 2788-7979 (online)

Диалектілік ішкорпусынан 3 сөз;
Мәдени-репрезентативті ішкорпусынан 424 сөз;
Терминологиялық ішкорпусынан 131 сөз;
Жазушылар ішкорпусынан 220 сөз;
Тарихи-поэтикалық ішкорпусынан 38 сөз;
Ономастикалық ішкорпусынан 205 сөз;
Фразеологизм ішкорпусынан 18 тіркес [15]. Бұл көрсеткіштер нәтижесінде «намыс» концептісі қазақ тілдік санада әбден орныққан, қолдану жиілігі жоғары концепт ретінде танылады. Сонымен қатар «намыс» мәдени әмбебаптылығымен, тарихи тереңдегімен, функционалдық аясының кеңдігімен ерекшеленетін концепті екені байқалады. Әсіресе, мәдени-репрезентативті және жазушылар ішкі корпустарында «намыс» концептісінің жиі қолданылуы, оның ұлттық тұтастықты, бірегейлікті сақтаудағы символдық мәнін аңғартады.

Сөздік дереккөздер мен Қазақ тілінің ұлттық корпусында ұсынылған анықтамалардан намыс концептісінің білдіретін мағыналарының біртектес емес екенін байқадық. Бұл мағыналар арасында семантикалық және когнитивтік өзгешіліктер бар. Алайда бұл намыс концептісінің мағыналарының жүйесіздігін білдірмейді, керісінше қазақ дүниетанымында қалыптасқан, көпқабатты, жүйелі концепт екенін көрсетеді.

Жоғарыда берілген деректерде *намыс* концептісінің мағынасы, ең алдымен, абстракт моральдық-этикалық құндылық ретінде беріледі. Мысалы, *ұлттық намыс, намыс туы, елдік намыс* сияқты тіркестердегі намыстың мағынасы жеке адамның бойындағы қасиет дәрежесінен жоғары көтеріліп, халықтың абыройы, ар-ожданын танытатын рухани аксиологиялық категория мағынасында айтылады.

Екіншіден, намыс тұлғалық қасиет мәнінде қолданылады. Мысалы, *намыс кернеді, намыс қоздады, намысына тиді* тіркестерінде намыс адамның ар-абыройды қорғауға бағытталған ішкі қасиеті ретіндегі мағынасында жұмсалады.

Үшіншіден, намысын ояту әрекетіне итермелейтін мотивациялық күш мағынасында да қолданылады. Мәселен, *намысты аяққа бастырмады, намысты жібермеді, намысқа шыдамады* сынды тіркестерде намыс адамды қайрау, ерік-жігерді жұмылдыру, белсенді іс-әрекетке бағыттайтын стимул функциясын атқарып тұр. Бұл мысалдарда намыс құндылықтық сипаттан нақты әрекетке өтудің тетігі мағынасында танылады.

Сонымен, намыс концептісінің тілде жұмсалуына қарай моральдық құндылықты, жеке тұлғалық қасиетті, мотивациялық күшті білдіретін мағыналарының барлығына көз жеткіздік.

Когнитивтік тұрғыдан алғанда, намыс концептісі – көпқабатты құрылым. Ол – ядро, шеткері аймақтардан, ассоциативті өрістерден құралатын семантикалық жүйе. Оның ядролық аймағына оның барлық қолданыстарда жүретін мағыналары, *ар-ождан, абырой, ұят* ұғымдары шоғырланады. *Ұлттық намыс, елдік намыс, намыс туы* тіркестеріндегі намыс жоғары мәдени мәнге көтеріліп, қазақ дүниетанымында маңызды құндылық болып тұр. Сондықтан да ар-ождан, абыройды сақтау идеясы намыс концептісінің ядросын құрайды. Қазақ тілінің ұлттық корпусы ұсынған мысалынан: «Ар үшін, ұят үшін, *намыс*, азаттық үшін белдесті олар. Бостандық үшін, болашақ бақыт үшін жаумен бетпе-бет келіп айқасты ерлер...» (Қ.Қайсенов шығармасынан) [15].

Ал шеткері аймағына «намыс» ядролық мағынасынан өрбейтін, бірақ функционалдық тұрғыдан түрленген мағыналар шоғырланады. Оларға *намысқой, намысшыл, намысты* сынды жағымды бағалауыштық мәндер мен жағымсыз мағынадағы *намыссыз, намыссыздық* мағыналар шоғырланады. Бұлармен қатар *намысы қысты, намыс кернеді, намыс қоздады* сынды тіркестерді де перифериялық аймаққа жатқызамыз. Ұлттық корпус мысалынан: «С.Шаймерденов әсіресе, бала Мезгілді сомдаған, заман мен дәуір шындығын айқын сипаттаумен қатар, бала ойын, бала арманын оның ой-өрісі мен психологиясына сай өрнектеген. Олай дейтініміз, хикаядағы бала Мезгіл өзі құралыптас басқа балалар сияқты өте *намысқой.* Із түспеген ақша қардай тап-таза, ары мен намысына дақ түсіргісі келмейді...» (Т.Рақымжанов. С.Шаймерденов повестеріндегі психологизм [15].

ISSN 2788-7979 (online)

«Намыс» концептісінің ассоциативті өрісіне *ерлік, рух, тіл, сана* сынды ұғымдарды жатқызуға болады. Себебі аталған ұғымдар тілдік санада бір-бірімен астасып жатқан, мағыналық, бағалауыштық деңгейде ассоцияланады.

Сонымен, намыс – *қамшы, тары, қазақ әйелі, ар* лингвоконцептілері сияқты қазақ дүниетанымын, мәдени-құндылықтық дүниесін жинақтаған концептілердің бірі. Бұл концептілердің ортақ белгісі – олар тек лингвистикалық бірлік қана емес, этностың рухани, қазақи болмысын бейнелейтін терең когнитивтік құрылым болуы.

Қорытындылай келе, намыс концептісін өзге де мәдени концептілермен салыстыру қазақ дүниетанымында, құндылықтық жүйесінде ортақ мәдени-танымдық модельдердің бар екенін аңғартады, сонымен қатар әр концептінің өзіне тән мазмұндық, символдық ерекшелігі сақталғанын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәдени концептілер – тіл мен мәдениетті байланыстырушы, ұлттық дүниетаным мен құндылықтар жүйесін танытатын құрылымдар. Теориялық тұжырымдар мен тілдік деректерді талдау нәтижесінде мәдени концептілердің қазақ тілдік санада мәдени код қызметін атқаратынын дәлелдейді.

Жоғарыда шетелдік және отандық тіл білімінде мәдени концептілер когнитивті, лингвомәдени, этнолингвистикалық, аксиологиялық бағытта қарастырылып, зерттелуде. Бұл зерттеулерде мәдени концептілер тіл мен ұлттық сананы байланыстыратын категория ретінде қарастырылады.

«Намыс» концептісіне жүргізілген талдау нәтижесінде, аталмыш концептінің қазақ тілдік санада орныққан, рухани-мәдени құндылық екенін аңғардық. Сөздіктер мен ұлттық корпус деректерінде «намыс» концептісінің білдіретін мән-мағыналарының (тұлғалық қасиет, моральдық құндылық, мотивациялық күш) көпқырлылығын байқадық.

Сонымен қатар, «намыс» концептісін *қамшы, тары, қазақ әйелі, ар* концептілермен салыстыра қарау – қазақ халқының болмысына тән, рухани, мәдени, танымдық модельдердің ортақтығын білдіреді. Зерттеу нысаны алынған концептілер ұлтымыздың өмір салтын, рухани бағдарын бейнелейтін мәдени код функциясын атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Kodirov A.A. The Study Of Conceptual Structures In Cognitive Linguistics: The Interaction Of Conceptology And The Linguistic Picture Of The World. International Journal Of Literature And Languages.//5(06) (2025) 94-95. https://doi.org/10.37547/ijll/Volume05Issue06-27
2 Shormakova A. Nominations of the plant world lingo-cultural aspect. Opción, Año 35, Regular No.89 // (2019) 607-623 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385
3 Уәли Н. Қамшы. Ана тілі газеті. – 2011. https://abai.kz/post/6515
4 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
5 Күштаева М.Т. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша) монографиясы. – Ақтөбе. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020. – 216 бет.
6 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. – Алматы, 2008.
7 Айтова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Филология ғылым.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.автореферат. – Алматы, 2006.
8 Umatova Zh. Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural code. Eurasian Journal of Applied Linguistics // 9 (1) (2023) 13-23 http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002
9 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Фил.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.автореферат. – Алматы. 2004.

10 Мазибаева Ж.О. Т.Ахметжан шығармаларындағы Ар концептісінің репрезентациясы.// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. № 3(73) (2020). https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7804.18
11 Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 208с.
12 Bogdanova A. Analysis of the concepts of "life" and "death" in chinese linguistic culture. // „ORBIS LINGUARUM“, VOLUME 22, ISSUE 2 DOI: https://doi.org/10.37708/ezs.swu.bg.v22i2.7
13 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі./ жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы. Дайк-Пресс, 2008.
14 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б.. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
15 Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Қазақ тілінің ұлттық корпусы [электр.ресурс]. https://qazcorpus.kz/

Материал 28.12.2025 баспаға түсті

Когнитивная репрезентация национальных культурных концептов

Н.Н. Конкаева[1], Н.К. Смагулова[1]
[1]Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

В этой статье рассматриваются обзор трудов зарубежных и отечественных ученых-исследователей, посвященные теории лингвокультурных концептов, проводится сравнительный анализ их научных взглядов и мнений по вопросу культурных концептов. Теоретические основы и репрезентация лингвокультурных концептов в казахском языкознании изучаются с точки зрения когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. Цель исследования является определиние роли культурного концепта «намыс»// «достоинство» в национальной картине мира и его структурно-содержательные особенности. Также проводится сравнительный анализ с лингвокультурными концептами «қамшы», «тары», «қазақ әйелі», «ар», с целью выявление общих и отличительных признаков в системе ценностей и мировоззрение казахской картине мира. В исследовании в качестве эмпирических источников использовались толковые и художественные словари казахского языка, а также материалы Национального корпуса казахского языка. Выявлены ядро, периферийная зона и ассоциативные поля лингвокультурного концепта «намыс»// «достоинство».

Ключевые слова. Национальный культурный концепт, концепт «достоинство», система ценностей, языковое сознание, культурный код, ядро, периферия, ассоциативное поле.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Kodirov A.A. The study of conceptual structures in cognitive linguistics: The interaction of conceptology and the linguistic picture of the world. International Journal of Literature and Languages. // 5(06) (2025) 94–95. https://doi.org/10.37547/ijll/Volume05Issue06-27
2 Shormakova A. Nominations of the plant world lingo-cultural aspect. Opción, Año 35, Regular No.89 // (2019) 607-623 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385
3 Уали Н. Камча // Газета «Ана тілі». – 2011. – [электронный ресурс]. – URL: https://abai.kz/post/6515
4 Манкеева Ж. Проблемы казахского языкознания. – Алматы: Издательство «Абзал-Ай», 2014.–640с.
5 Куштаева М.Т. Семантическая структура и лингвокультурные содержание этнокультурного концепта (на материале концепта «тары»): монография. – Актобе: Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, 2020. – 216 с.

ISSN 2788-7979 (online)
6 Байгутова А.М. Этнокультурная описание концепта «Казахская женщина»: автореферат диссертации, подготовленной на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 2008.
7 Айтова Н. Когнитивная семантика наименований цвета в казахском языке: автореферат диссертации, подготовленной на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 2006.
8 Umatova Zh. Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural code. Eurasian Journal of Applied Linguistics // 9 (1) (2023) 13-23 http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002
9 Ислам А. Языковая картина мира в контексте национальной культуры (сравнительно-сопоставительный лингвокультурологический анализ): автореф. дисс. ... д-ра филол.наук. – Алматы, 2006.
10 Мазибаева Ж.О. Репрезентация концепта «Честь» в произведениях Т.Ахметжана // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Филология». – 2020. – № 3(73) (2020). https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7804.18
11 Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 208с.
12 Bogdanova A. Analysis of the concepts of "life" and "death" in chinese linguistic culture. // „ORBIS LINGUARUM“, VOLUME 22, ISSUE 2 DOI: https://doi.org/10.37708/ezs.swu.bg.v22i2.7
13 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі./ под общ. Ред. Т.Жанузакова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
14 Қазақ әдеби тілінің сөздігі./ 15 т. – Т. 11/ сост. Ж.Манкеева, С.Биаков, А.Жунисбек и др. – Алматы. Издательство «Арыс», 2009.
15 Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова. Национальный корпус казахского языка [электронный ресурс]. – URL: https://qazcorpus.kz/

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

Cognitive representation of national cultural concepts

N. Konkayeva[1], N. Smagulova[1]
[1]Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

This article reviews the works of foreign and domestic researchers dedicated to the theory of linguistic-cultural concepts, providing a comparative analysis of their scientific views and opinions on the issue of the concept of culture. The theoretical foundations and representation of linguistic-cultural concepts in Kazakh linguistics are studied from the perspective of cognitive linguistics and linguistic-cultural studies. The purpose of the research is to determine the place of the cultural concept “namys” // “dignity” in the national worldview and its structural and content features. A comparative analysis is also conducted with the linguistic-cultural concepts “қамшы,” “тары,” and “қазақ әйелі,” in order to identify common and distinctive features in the system of values and worldview within the Kazakh national picture of the world. The study used as empirical sources explanatory and literary dictionaries of the Kazakh language, as well as materials from the National Corpus of the Kazakh language. The core, peripheral zone, and associative fields of the linguistic-cultural concept "namys" // "dignity" have been identified.

Key words: National cultural concept, the concept of "dignity," value system, linguistic consciousness, cultural code, core, periphery, associative field.

REFERENCES

1 Kodirov A.A. The study of conceptual structures in cognitive linguistics: The interaction of conceptology and the linguistic picture of the world. International Journal of Literature and Languages. // 5(06) (2025) 94–95. https://doi.org/10.37547/ijll/Volume05Issue06-27
2 Shormakova A. Nominationsof the plant world lingo-cultural aspect. Opción, Año 35, Regular No.89 // (2019) 607-623

ISSN 2788-7979 (online)
3 Uali N. Qamshy [Whip] Ana tili newspaper (2011). Avalable at. https://abai.kz/post/6515 [in Kazakh]
4 Mankeeva Zh. Qazaq til bilimining maseleleri [Issue of Kazakh Linguistics]. (Almaty: Abzal-Ai Publishing house, 2014). - 640 p. [in Kazakh]
5 Kushtaeva M.T. Etnomadeni konseptinin semantikalyq qurylimy men lingvomadeni mazmuny (“tary” konsepti boyynsha) [Semantic structure and linguacultural content of the ethnocultural concept (based on the concept of "Tary") (Aktobe: Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov, 2020) . 216 p. [in Kazakh]
6 Baygutova A.M.”Qazaq aieli” konseptisinin etnomadeni sipaty [Ethnocultural characteristics of the concept "Kazakh woman"]: Abstract of a dissertation submitted in partial fulfillment of the degree of Candidate of Philological Sciences. (Almaty, 2008). [in Kazakh]
7 Aitova N.Qazaq tilindegi tur-tus ataularynyn kognitivtik semantikasy [Cognitive semantics of color names in the Kazakh language]: Abstract of a dissertation submitted in partial fulfillment of the degree of Candidate of Philological Sciences. (Almaty, 2006). [in Kazakh]
8 Umatova Zh. Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural code. Eurasian Journal of Applied Linguistics // 9 (1) (2023) 13-23 http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002
9 Islam A.Ulttyq madeni kontekstindegi dunienin tildik sureti [Language picture of the world in the context of national cultures (comparative-contrastive linguacultural analysis)] : Doctor of Philological Sciences diss abstract (Almaty, 2006).
10 Mazibaeva Zh.O.T.Akhmetzhan shygarmalaryndagy “Ar” konseptisinin representatsiyasy [Representation of the concept "Honor" in the works of T. Akhmetzhan] // Bulletin of KazNPU named after Abai. Series "Philology".3 (73) (2020). https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7804.18
11 Maslova V.A. Lingvokul’turalogia: uchebnoe posobie [Lingvoculturology: a tutorial] (Moscow: Yurait Publishing House, 2018). - 208 p.
12 Bogdanova A. Analysis of the concepts of "life" and "death" in chinese linguistic culture. // „ORBIS LINGUARUM“, VOLUME 22, ISSUE 2 DOI: https://doi.org/10.37708/ezs.swu.bg.v22i2.7
13 Qazaq tilinin tүsindirme sozdigi. [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language], ed. T. Zhanuzaqov (Almaty: Daik-Press, 2008). [in Kazakh]
14 Qazaq adebi tilinin sozdigi sozdigi [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. 15 vols. Vol. 11, comp. Zh. Mankeeva, S. Bizaqov, A. Zhunisbek et al. (Almaty: Arys Publishing House, 2009). [in Kazakh]
15 Akhmet Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty. Qazaq tilinin ulttyq korpusy. [National Corpus of the Kazakh Language]. Avalable at. https://qazcorpus.kz/

Received: 28.12.2025

IRSTI 16.31.41 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp93-108

***A. Madeyeva[1], E. Pogozheva[1], G. Azylbekova[1]**
[1]Toraighyrov University, Pavlodar, 140000, Kazakhstan

PROBLEMS OF TRANSLATING ENGLISH PHRASEOLOGICAL UNITS INTO RUSSIAN AND KAZAKH: A REVIEW OF SET EXPRESSIONS DENOTING HUMAN STATES

The translation of English phraseological units into Russian and Kazakh is a relevant issue in modern linguistics, translation studies and intercultural communication. Phraseological units denoting human states are especially important because they express not only direct semantic meaning but also emotional evaluation, figurative imagery and linguocultural experience. This